

*«2026 жылғы қаңтар-наурыз айларындағы
әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы мен республикалық
бюджеттің атқарылу барысы туралы»
ҚР Үкіметі отырысындағы
ҚРҰБ Төрағасының Бірінші орынбасары Е.К. Жамаубаевтың баяндамасы
Астана қ., 2026 жылғы 14 сәуір*

Құрметті Олжас Абайұлы!

Құрметті әріптестер!

Наурыз айында әлемде **геосаяси шиеленіс** жалғасып, **шикізат нарығы құбылмалы болды.**

Дегенмен, **ішкі экономикада оң үрдістер бар.**

Наурыз қорытындысы бойынша іскерлік белсенділік индексі 49,5 тармақты көрсетті, ол – бейтарап мәндерге жақын. **Өндіріс пен қызметтер бойынша іскерлік белсенділік оң аймақта сақталды.** Олардың индексі тиісінше **50,5 және 50,7 тармақ болды.**

Бизнес-климат индексі жақсарып, 7,6 тармақты көрсетті. Қазіргі ахуал оң бағаланып отыр.

Наурызда **жылдық инфляция төмендеп, 11% деңгейінде қалыптасты.**

Азық-түлік тауарлары бағасының өсуі ең көп үлес қосты. Кейбір тамақ өнімдерінің әлемдегі жоғары бағасына және ішкі өндірістегі шығынның өсуіне байланысты жылдық көрсеткіш **11,7%-ті құрап отыр.**

Азық-түлікке жатпайтын инфляция – 11,3%, ақылы көрсетілетін қызмет инфляциясы – 10%.

2025 жылғы қазаннан бастап жылдық инфляцияның баяулауы **байыпты қатаң ақша-кредит саясатына**, теңге бағамының нығаюына, сондай-ақ Үкіметтің дағдарысқа қарсы шараларына, атап айтқанда, тұрғын үй-коммуналдық қызметтер тарифі мен жанар-жағармай құнының көтерілуіне қойылған мораторийге байланысты болды.

2026 жылғы 6 наурызда Ұлттық Банк **базалық мөлшерлемені 18% деңгейінде сақтау** туралы шешім қабылдады. Бұл шешім алтын-валюта операцияларын теңестірумен («айналаумен»), ең төмен резервтік талаптарды қайта қараумен, макропруденциялық шараларды, сондай-ақ Үкіметпен бірге инфляцияға қарсы кешенді шараларды қабылдаумен қатар бағалардың өсуін тежеуге ықпал етеді.

Жыл басынан бері теңге бағамы 1 доллар үшін **478,2 теңгеге** дейін **5,5%-ке** нығайды.

Оған келесідей факторлар әсер етті:

- жаһандық мұнай нарығының конъюнктурасы;
- теңгедегі активтердің инвестициялық тартымдылығының артуы және бейрезиденттердің портфельдік инвестициялары көлемінің ұлғаюы;
- экономикалық агенттердің шетел валютасына деген сұранысының төмендеуі.

Ағымдағы шот тапшылығы сауда балансы профицитінің кемуіне байланысты 2024 жылғы 6,8 млрд доллардан былтыр **12,5 млрд долларға** дейін ұлғайды.

Тауарлар мен қызметтер экспорты өткен жылдың деңгейінде сақталып, **90,1 млрд долларды** құрады. Тауар экспортының төмендеуі қызмет экспортының өсуімен өтелді.

Тауар мен қызмет импорты 80,3 млрд долларға дейін **9%-ке** өсті. Өсуге негізінен **өнеркәсіп тауарларын** сатып алу себеп болды.

Кіріс балансының тапшылығы негізінен **шикізат экспортының** таза пайдасының төмендеуі есебінен **22,3 млрд долларға** дейін **4%-ке** қысқарды. Осыған қарамастан, бейрезиденттерге төленетін төлемнің көлемі **жоғары** деңгейде қалып отыр.

Бұл төлем балансына белгілі бір деңгейде тежеу болды.

Жалпы халықаралық резервтер наурыздың соңында **129,5 млрд долларды** құрады.

Ұлттық Банктің **алтын-валюта резервтері 67,2 млрд долларға** дейін **2,7%-ке** ұлғайды, **Ұлттық қордың активтері 2,5%-ке** азайып, **62,3 млрд доллар** болды.

Бірінші тоқсанда Қорға келіп түсетін **түсімдер 784 млрд теңге**, ал **Ұлттық қордан** республикалық бюджетке берілетін **трансферт көлемі – 800 млрд теңге** болды.

Жыл басынан бері **Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы**

қорының зейнетақы активтері 25,8 трлн теңгеге дейін 2,6%-ке өсті.

Инвестициялық табыс көлемі **271,4 млрд** теңгені құрады.

Құрметті Олжас Абайұлы!

Ұлттық Банк Бірлескен іс-қимыл бағдарламасында көзделген шараларды іске асыруды қоса алғанда, сараланған макроэкономикалық және ақша-кредит саясатын жүргізуді жалғастырады. Бұл ретте келесідей басым бағыттарға назар аударылады:

- инфляциялық қысымды тежеу мақсатында қажетті ақша-кредит шарттарын қолдауға;
- қосымша эмиссияға жол бермей, алтынды сатып алуға байланысты теңестіруге бағытталған операцияларды жүргізуге;
- ең төмен резервтік талаптардың нормативтерін кезең-кезеңімен арттыруды іске асыру арқылы банк жүйесіндегі артық өтімділікті төмендетуге;
- цифрлық теңгені бюджет шығыстарының айқын және атаулы болуын арттыру құралы ретінде пайдалануды кеңейтуге;
- тұтынушылық кредиттеуді тежеу шараларына;
- Ұлттық қор мен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кірістілігін арттыруға баса назар аударылады.

Аталған шаралар жалпы макроэкономикалық және қаржылық тұрақты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Назарларыңызға рақмет!